

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық «Балықшы»
фтизиатриопульмонологиялық оңалту орталығы» ШЖҚ МКК-ның кезектен тыс өткізілген
жиналысының

ХАТТАМАСЫ

№3

Балықты ауылы

13.02.2023жыл

Төрағасы: Басшының м.а Д.Тлемисова

Хатшылықта: заңгер М.Кембаев

Қатысқандар: «Облыстық «Балықшы» фтизиатриопульмонологиялық оңалту орталығы» бөлім меңгерушілері мен дәрігерлер, аға медбикелер.

Күн тәртібінде: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын кеңінен талқылап, түсіндірме беру.

Жиналыста келесі мәселелер айтылды, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүргізілуі тиіс. Кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы қабылданғаннан бері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырлуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің азаюы байқалды. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түр-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беруде, пара алуда пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Біздің ортада сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болатындығын және сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек екендігі жөнінде түсіндірілді.

Жиынға қатысушылар айтылған ескертпелерді толығымен қолдайтындығын және берілген тапсырмаға сәйкес жұмыс жасайтындықтарын жеткізді.



Д.Тлемисова